

«Шетелде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық бағыттары» халықаралық бағдарламасы

«Шетелде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық бағыттары» атты халықаралық бағдарламаға 2013 жылғы 16-20 желтоқсанда республикадағы қосымша білім берудің педагог қызметкерлері мен жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Халықаралық бағдарламаның мақсаты шетелде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістері мен инновациялық ерекшеліктердің мазмұнын ашу болып табылды. Халықаралық бағдарлама семинарларды өткізуді, балаларды оқыту мен дамытуға бағытталған мұражайлар мен басқа да әлеуметтік-мәдени объектілерге баруды қарастырды. Ғылыми семинарды «Орыс тілді және екі тілді ата-аналардың «Мир» Халықаралық Одағы» ұйымдастырды.

Семинардың тақырыбы шетелде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің өзекті мәселелеріне байланысты болды. Ғылыми семинардың жұмысына философия магистрі, медицина ғылымының докторы, профессор Алла Исааковна Баркан қатысты.